| | |
|---|---|
| **«БЕКІТЕМІН»**<br>Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университетінің ректор өкілі,<br>профессор<br>_____________ Пеями Баттал<br>«___20___» ____10____ 2023 ж. | **«БЕКІТЕМІН»**<br>Қожа Ахмет Ясауи атындағы<br>Халықаралық қазақ-түрік<br>университетінің ректоры<br>_____________ Ж.Темирбекова<br>«___20___» ____10____ 2023 ж. |

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ
# УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

***УЕ-ХҚТУ-036-2023***

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, МАЗМҰНЫ, ДАЙЫНДАУ ЕРЕЖЕСІ

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

| | | |
|---|---|---|
| 2. | **Әзірлегендер** | - Академиялық департамент директоры А.Бостанова<br>- Академиялық департамент директорының орынбасары М.Келеш<br>- Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев<br>- Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшы орынбасары Қ.Полатбекова |
| 3. | **Келісілді** | - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова<br>- Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева<br>- Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Нурсой<br>- Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов |
| 4. | **ЕНГІЗІЛДІ** | - 2023 |
| 5. | **Тексеру мерзімі** | - 2025 |

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ: «20» 10 2025 ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: «20» 05 2027 ж.
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 006
«20» 10 2023 ж.

**Қызмет бабында пайдаланылатын басылым**

**Түркістан, 2023**

**МАЗМҰНЫ**

| | |
|---|---|
| 1. Қолдану саласы | 3 |
| 2. Нормативтік сілтемелер | 3 |
| 3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар | 3 |
| 4. Жауапкершілік және өкілеттілік | 5 |
| 5. Білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешені (бұдан әрі – ББ ОӘК) және пәннің оқу-әдістемелік кешені (бұдан әрі – ПОӘК) құжаттарының мазмұны мен әзірлеу және бекіту тәртібіне қойылатын талаптар. | 6 |
| 5.2. ПОӘК құрылымы | 7 |
| 5.2.1 Үлгілік оқу бағдарламалары | 7 |
| 5.2.2 Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus), әзірлеу және бекіту тәртібіне қойылатын талаптар. | 8 |
| 5.2.3 Лекция жинағын дайындауға және оқуға қойылатын талаптар | 9 |
| 5.2.4 Практикалық (семинар), зертханалық, жеке сабақтар бойынша әдістемелік нұсқаулар дайындауға және орындауға қойылатын талаптар | 11 |
| 5.2.5 Пәндер (модульдер) бойынша БӨЖ, ӨБӨЖ ұйымдастыруға қойылатын талаптар | 15 |
| 6. Пәннің сандық контентін құрастыруға қойылатын талаптар | 17 |
| 7. Өзгертүлер, қосымшалар тіркеу тәртібі | 18 |
| 8. Келісу, сақтау және тарату | 18 |
| 9. Тіркемелер | 29 |
| 10. Танысу парағы | 30 |
| 11. Өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу парағы | 31 |


## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) білім беру бағдарламасы және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Университеттің осы ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім беру бағдарламасы және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне жауапты құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3 УЕ-ХҚТУ-036-2023 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Университеттің осы Ережесінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).
- Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 24.11.2022 №152
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №603 бұйрығы.
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және жоғары ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген.
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ДСМ-63 бұйрығымен бекітілген;
- «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N583 Бұйрығы.
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің Жарғысы.
- ҚП - ХҚТУ- 7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарда басқару.

## 3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені

Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты;

Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ҮОБ) – Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компонентіндегі пәннің оқу құжаты.

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар;

Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті

Академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

Академиялық сағат - оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;

Белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

Білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;

Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) – ЖЖОКБҰ немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі; білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді;

Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модулдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

Элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері;

Элективті пәндер каталогы (ЭПҚ) – оқу мазмұнын, көлемін және зерттеуден күтілетін нәтижелерді (білім алушылардың алатын білімі, іскерлігі, құндылық құраушылары мен құзыреттерін) көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасы берілетін таңдау пәндері бойынша пәндердің жүйеленген аннотацияланған тізбесі. ЭПҚ-да әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПҚ білім алушыларға элективті оқу пәндерін баламалы түрде таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

ЖЖОКБ МЖМС - Жоғары және жоғары оқу орынан кейін білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

ҚР ҒЖБМ-Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі

АК - Академиялық департамент;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы;

ӘЖҰБ - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі;

ББ-Білім беру бағдарламасы;

ББ ОӘК– білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешені;

ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені;

ҮОБ– ЖБП циклы бойынша үлгілік оқу бағдарлама;

ОЖЖ–оқу жұмыс жоспары;

ББОЖ – білім беру бағдарламасының оқу жоспары;

ПОБ – пәннің оқу бағдарламасы;

ОПҚ– оқытушы-профессор құрамы;

ЖН– жұмыстық нұсқаулар;

БӨЖ– білім алушының өзіндік жұмысы;

ОБӨЖ - оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушынының өзіндік жұмысы;

ББ ОН- Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері;

ПОН -Пәннің оқыту нәтижелері;

ЖЖОК ББ - Жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім беру бағдарламалары;

ЭПК – элективті пәндер каталогы.

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университе ережесі университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 Бекітілген Ереже қолданушылардың назарына, «Танысу парағына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі факультет декандарына жүктеледі.

4.3 Осы Ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі Академиялық департамент басшысына жүктеледі.

4.4 Осы Ережені «ҚП-ХҚТУ-7.2.5-2020 Құжаттаманы басқаруға» сәйкес басқару жауапкершілігі СРСО басшысына жүктеледі.

## 5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ (БҰДАН ӘРІ – ББ ОӘК) ЖӘНЕ ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ (БҰДАН ӘРІ – ПОӘК) ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

### 5.1 ББ ОӘК құрылымы

Білім беру бағдарламасының ОӘК келесі құжаттарды қамтуы тиіс:

1) Білім беру бағдарламасы (ББ);

2) Білім беру бағдарламасының оқу жоспары (ББОЖ);

3) Элективті пәндер каталогі (ЭПК)

4) ББ оқытатын пәніне сәйкес Педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталуы туралы мәліметтер

5) Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының және цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер

6) Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы және білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер.

7) Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ, ОБӨЖ) ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтар;

8) Қорытынды аттестаттау құжаттары: Дипломдық жұмысты (жоба) рәсімдеу және қорғаудың әдістемелік нұсқаулары, кешенді емтихан бағдарламалары.

-Білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені болып табылады. Бекітілген ББ түпнұсқасы ӘЖҮБ сақталады, сканерленген электрондық нұсқасы, көшірмесі кафедрада сақталады.

-Білім беру бағдарламасының оқу жоспары (бұдан әрі – ББОЖ)-модульдерді (пәндерді) семестрлерге бөлуде қойылатын талаптарды сақтайды, ББ-мен бірге түптеледі, келесі бөлімдерден тұрады: – модуль аты;–пән коды;-пәннің аты;-компонент түрі;-кредит көлемі;-сабақ түрі бойынша бөлінуі;-бақылау түрі;-пререквизиттер, постреквизиттер;

-Элективті пәндер каталогі ((бұдан әрі – ЭПК) – университеттегі ББ таңдау пәндерінің мазмұны бойынша құрастырылған негізгі құжаттың бірі. Бекітілген ЭПК түпнұсқасы ӘЖҮБ сақталады, сканерленген электрондық нұсқасы, көшірмесі кафедрада сақталады.

-ББ оқытатын пәніне сәйкес Педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталуы туралы мәліметтер ҚРҒЖБМ Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес: Білім беру бағдарламаларының пәндеріне сәйкес оқытушылардың болуы, оқытушылар білімінің оқытатын пәндер бейініне сәйкестігін растайтын құжат *(Тіркеме 1);*

- Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының және цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер ҚРҒЖБМ Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 2-8-қосымшаларына сәйкес: Оқу және ғылыми әдебиет кітапхана қорының болуы: соңғы он жыл ішінде кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасы пәндерінің 100 %-ын қамтамасыз ететін, оның ішінде оқыту тілі бойынша басып шығарылған баспа және электрондық басылымдар форматында болуын растайтын құжат *(Тіркеме 2)*;

- Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер ҚРҒЖБМ Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 6-

қосымшаларына сәйкес: Меншік үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, нақты мамандықтар, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары), Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу-тәжірибелік учаскелер, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, Түрі көрсетілген оқу және оқу-зертхана жабдықтарының, техникалық оқу құралдарының тізбесі, Компьютерлік сыныптар, компьютерлер, жабдықтар, жиһаз, бейнекамералар, Онлайн-оқыту бойынша жарақтандырудың, медициналық бағыты бойынша кадрлар даярлау үшін."Симуляциялық кабинеттер" (орталықтар) болу мәліметтері *(Тіркеме 3);*

-Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ, ОБӨЖ) ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтар - ББ ерекшелігі ескеріле отырып қажет болған жағдайда, әр ББ білім алушылары үшін жеке Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ, ОБӨЖ) ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтар әзірленеді. Нұсқаулықта БӨЖ (МӨЖ, ДӨЖ) ұйымдастыру, орындау, жоспарлау және қабылдау технологиясы, зертхан БӨЖ бақылау мен бағалау, талдау формасы нақтыланып жазылу тиіс *(Тіркеме 4).*

- Қорытынды аттестаттау құжаттары: Дипломдық жұмысты (жоба) рәсімдеу және қорғаудың әдістемелік нұсқаулары, кешенді емтихан бағдарламалары. Дипломдық жұмыс (жоба) дайындау, рәсімдеу және қорғаудың әдістемелік нұсқаулықтары білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін, орындаудың жалпы талаптарын анықтайды. Бағдарламаның құрылымы келесі бөлімдерден тұруы қажет: титул беті, жалпы ережелер,тақырыптарға қойылатын талаптар, жазылу ережелері, жобалық топ құрамы, жұмыстары, жобаны қорғау тәртібі, жобаны рәсімдеу ережелері, жобаны қорғау тәртібі т.б. Кешенді емтихан бағдарламасы ББ бойынша білім алушылардың қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды. Кешенді емтихан оқу бағдарламалары оқу жоспарында көрсетілген мамандық пәндерінен бекітілген тізім бойынша дайындалады. Кешенді емтихан бағдарламасының құрылымы келесі бөлімдерден тұруы қажет: титул беті, жалпы ережелер, кешенді емтихан үшін бекітілген пән аты, мазмұны, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, жапы сұрақтар тізімі, емтиханда қабылдау түрі, кешенді емтиханды қабылдау критерийлері. *(Тіркеме 6).*

**5.2. ПОӘК құрылымы**

Пәндердің ОӘК келесі құжаттарды қамтуы тиіс:

1) Үлгілік оқу бағдарламалары (ҮОБ) ;

2) Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus);

3) Лекция жинағы;

4) Практикалық (семинар), зертханалық, жеке сабақтар т.б. бойынша әдістемелік нұсқаулар;

5) Белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар, пәннің бағдарламалық сұрақтары, Денсаулық сақтау бағыты үшін: Электронды презентацияны бағалау парағы, Ситуациялық есептер жинағы, Тәжірибелік дағдылар тізімі, Тәжірибелік дағдыдарды бағалау парағы (OSCE. SAQ, SAS, SEQ, LEQ, SC, LC)) т.б материалдар;

6) Қосымша әдістемелік нұсқаулықтар (қажет болған жағдайда). Жеке пәндер бойынша: жоба, эссе, шығармашылық т.б түрінде қабылданатын емтихандар үшін дайындау, рәсімдеу және қорғаудың әдістемелік нұсқаулықтары, БӨЖ, ӨБӨЖ ұйымдастыру, қабылдау, бағалау бойынша нұсқаулықтар.

**5.2.1 Үлгілік оқу бағдарламалары**

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады;

ҮОБ бакалавриатта ЖБП циклының міндетті компонентінің пәндері бойынша әзірленеді;

Университет тиісті бейіндегі білім беру бағдарламаларын қоспағанда, ҮОБ анықтайтын ЖБП циклінің "Қазақстан тарихы" және "Философия" пәндерінің мазмұнын өзгеріссіз қалдырады;

Кәсіптік даярлау сапасын арттыру және университет кадрларын даярлау бағыттарының ерекшеліктерін есепке алу үшін ҮОБ айқындайтын "Шет тілі", "Орыс тілі", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Дене шынықтыру" пәндерінің мазмұнына дербес өзгерістер енгізеді;

Университет ҮОБ-мен анықталатын "Қазақ тілі" пәнінің және әлеуметтік-саяси білім модулінің мазмұнына 50% - ға дейін өз бетінше өзгерістер енгізеді.

**5.2.2 Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus), әзірлеу және бекіту тәртібіне қойылатын талаптар.**

Оқу пәндерінің мазмұны үлгілік оқу жоспраларымен және (немесе) оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустармен) анықталады;.

Оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша ОПҚ дербес әзірлейді;

Оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) әзірлеу мен бекітудің нысанын, құрылымын, тәртібін университет дербес анықтайды;

Пән силлабусы ПОӘК құраушы компоненті және дербес оқу-әдістемелік құжат болып табылады *(Тіркеме7)*;

- Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (Syllabus) құрылымы келесі бөлімдерден тұруы қажет:

-Пәннің (модуль) коды мен аты;

-Пән (модуль) оқытушысы туралы мәлімет;

-Пәннің(модуль) сипаттамасы;

-Білім беру бағдарламасындағы пән қалыптастыратын оқыту нәтижелері (ББ ОН).

-ББ ОН сәйкес құрастырылған пәннің оқыту нәтижелері (ПОН);

-Пререквизит;

-Постреквизит;

-Пәнді (модуль) оқыту жоспары;

- Пәнді (модуль) оқыту әдістері

-Бағалау саясаты;

-Білімді бақылау кестесі;

-Оқыту нәтижелерін ағымдық, аралық аттестаттауды бағалау критерийлері;

-Әдебиеттер (негізгі, қосымша, WEB сайттар тізімі).

- Силлабус факультеттің оқу-әдістемелік комитетінде қарастырғаннан кейін факультет деканымен бекітіледі;

- Құзыреттер және пәннің оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар:

- Құзыреттер мен оқыту нәтижелері білім беру бағдарламасына сәйкес болуы керек;

- Білім беру бағдарламасындағы оқытудың соңғы нәтижелеріне сәйкес оқу курсы құзыреттердің дамуына бағытталған кестесінде: құзыреттердің білім алу деңгейлері сәйкесінше, яғни: Б – бакалавриат, М-магистратура, Д-докторантура білім беру деңгейі мен білім беру бағдарласының оқыту нәтижелері (ББ ОН) көрсетіледі;

- ББ ОН негізінде пәннің оқыту нәтижелері (ПОН) жазылады;

- Пәнді оқытудың жоспары пән мазмұнына сәйкес модульдер мен олардың құрайтын тақырыптардан, оларды меңгеруде қолданылатын оқыту түрлерінен (лекция, практика, ОБӨЖ, БӨЖ т.б.) және оларға бөлінген уақыт мөлшерінен, оқыту нәтижелерінен тұрады;

- Пәнді оқыту әдістерінде оқу жұмыстары бойынша білімді меңгеру деңгейіне сәйкес алынатын оқыту/оқу әдістерінің тізбегінен тұрады. Пәнді оқыту әдістері: Топпен жұмыс, work in pair, learning and study, блиц-сұрақтар, сын тұрғысынан ойлау, миға шабуыл, кейс-стадий, дамыта оқыту әдісі, постер қорғау, джигсо әдісі, креативтілік оқыту әдістері , Топпен жұмыс, бұлттық технология, IT әдісі, Case-study әдісі, топтық жобалық жұмыс әдісі, проблемалық шығарма әдісі, мини зерттеулер әдісі, жобалық жұмыс әдісі, кәсіби шеберлікті арттыру әдісі, Notetaking techniques, Dvolver moviemaker, Numerizer, Think-Pair-Share әдісі, PPP әдісі, Task-based Learning әдісі, Джигсо әдісі, проблемалық шығарма әдісі, Silent way әдісі, Project based approach технологиясы, Модульдік оқыту технологиясы, Brainstorming, Colloborative and cooperative learning, TBL-Task based learning т.б. Тиісті пәнді оқыту әдісі таңдалады;

-Мүмкіндігі шектеулі білімгерлер үшін құрылымдық бөлімдермен бірлесіп, мамандандырылған бейімдеу пәндерін (модульдерін) енгізудің оқыту әдістерін, формаларын, бақылау түрі мен уақыт мөлшерін пән оқытушысы өзгерте алады;

-Бағалау саясатында осы пәнді оқу барысында 1 және 2 аралық бақылаудың (АБ), ағымдағы бақылау (апталық бағалау) және ОБӨЖ, БӨЖ тапсырмасы, сабаққа қатысудың пайызын, қорытынды баға мәнін көрсетеді;

-Білімді бақылау кестесінде білім алушылардың орындайтын оқу және өзіндік жұмыстарының түрлері және соларға сәйкес ПОҚ тарапынан болжамды тексерілу мерзімі көрсетіледі. Сондай-ақ, пәнді зерделеу барысындағы ағымдық, аралық қорытынды бақылау түрлері көрсетіледі. Бағалау формалары шартты түрде беріледі: Т-тест, ж ж-жазбаша жазу, ас-ауызша сұрау, аж-ауызша-жазбаша, э –эссе, а-ассоциограмма, c-case-study, іо-іскерлік ойын, п- презентация, г- глоссарий, б-библиография, к-картотека, жқ-жоба қорғау, ш-шығармашылық, т ж-тәжірибе жасау т.б. Мұнда ПОҚ бақылау әдісін өзі шартты түрде белгілейді және оны жазып көрсетеді;

- Оқыту нәтижелерін ағымдық, аралық аттестаттауды бағалау критерийлері білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, дағдылары, қабілеттері және құзыретіліктері) халықаралық жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша әріптік жүйемен (қанғаттанарлық бағалар кемуіне қарай «А» -дан «D» -ге дейін, «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F») 4 балдық шкалаға келетін сандық эквивалентке сәйкес жүргізіледі. Білімді бақылау кестесінде таңдап алынған бақылау түрлері ғана бағалау критерийлері жазылады;

- Әдебиеттер. Негізгі, қосымша және WEB сайттар тізімін құрайды. Бұл бөлімде пәнді зерделеуге қатысты және білім алушылар өзбетінше білімін жетілдіру үшін негізгі, қосымша оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер мен web сайттар тізімі беріледі. Негізгі оқулықтар Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының және цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтерден алынады.

**5.2.3 Лекция жинағын дайындауға және оқуға қойылатын талаптар**

Пәндер бойынша лекция жинағын (иллюстративтік және таратылым материалдар; қолданылған әдебиеттердің тізімі) пәнді оқытатын лектор дайындайды, бекітілген нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады *(Тіркеме 8)*;

Лекция мазмұны Болон үдерісіне негізделген білім беру нәтижелерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс;

Лекция құзыреттерді құраушы - білімдік құраушыларды (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) білім алушыларда пән бойынша қалыптастыруды, сондай-ақ іс-әрекеттік (орындай алу), құндылық (сарапшылық) құраушылардың бағдарлы даярлығын қамтамасыз етуі тиіс;

Лекция материалдарын дайындау және жүргізу барысында төмендегідей ережелерді басшылыққа алу қажет:

- лекция баяндалатын/мазмұндалатын пән бойынша негізгі ұғымдарды беруі және оны қандай бағытта терең зерделеуді көрсетуі қажет;
- лекция аталған курстың негізгі сұрақтарын, негізгі принциптерін белгілі ғылыми реттілікте қамтуы қажет, бұл оны артық, ұсақ мәселелерден ажыратады;
- лектор ғылымның теориялық қағидаларын практикамен байланыстыруы, теория мен практиканың ажырамас, ғылымның өмірмен байланысын әдістемелік дұрыс көрсетуі қажет;
- лектор білім алушыларда ғылыми ойлауды қалыптастыруды қабілетті етумен, өзімен тыңдаушыларды/білім алушыларды ілестіруі қажет;
- бір лекция мазмұны 3 (үш) беттен кем болмауы қажет.

Әрбір курс бойынша лекция жоспары немесе конспектісі әзірленуі қажет және ол жыл сайын кафедраның мәжілісінде талқылануы тиіс. Сонымен қатар, практикалық және лабораториялық сабақтардағы сұрақтарды қамтуы қажет. Лектордың жанды дауысы мен сөйлеуінің жоғары мәдениеті білім алушының лекцияға қызығушылығын тудыруы мүмкін, ал лекция жинағы лекторға тек анықтамалық материал қызметін атқаруы тиіс;

Лектор кіріспе және қорытынды лекцияны әзірлеуі қажет. Кіріспе лекцияда білім алушылардан ойлау ынтасын талап ететін, тіптен жаңа білімдер хабарланады. Қорытынды лекцияда аталған пән бойынша сабақтарда алынған, барлық ғылыми және әдіснамалық дайындықтың негізіндегі түйінді мәселелерді қамтумен курсты ғылыми талдап қорыту берілуі қажет;

Лекцияның негізгі сипаттамалары:

-ғылымилығы, қатаң дәлелділігі: аталған (оқытылатын) ғылым саласының проблемалық және пікір талас тудыратын сұрақтарын қамтуы;

- мазмұнының әдістемелік дұрыс тұрғызылуы және тақырыптың ұтымды мазмұндалуы (мазмұндалатын сұрақтарға лектордың білім деңгейінің сәйкестігі, күрделі дәлелдемелерді сәйкесінше өз сөзімен айтуы, күрделі үдерістерді жазу кезінде олардың математикалық моделін пайдалануы, ілгеріде мазмұндалған материалдарды қатыстыруы, едәуір басты және қиын меңгерілетін сәттерді бөліп алуы, қорытынды шығару кезінде шектеу мен жіберілетін қателіктерді негіздеуі, сөйлемдегі ойды өз сөзімен айтуында бір мағыналы болуы);
- лекция материалдарының мамандық саласымен байланысы, бейіндік ғылымды дамытуды терең түсіну үшін лекцияда қарастырылатын қағидалардың дүниетанымдық және әдіснамалық мәнін негіздеуі;
- лекция өзіндік жұмыста тереңдетуге қызығушылықты тудыруы қажет, тек оқу ғана емес, сонымен қатар, монографиялық және журналдарды оқуға білім алушыларды бағыттауы қажет;
- мазмұнның мәселені қамтуы (лекция мазмұны негізгі мәселені айқындауды қамтуы), лекция жоспарына сәйкестікте оны ашудың логикасын негіздеуі, жоспардың жекелеген тармақтары нақты проблемалық жағдаяттарды қамтуы, оларды шешу мен дәлелдеу тәсілдерін анықтауы.

Проблемалық әдістің түсіндіру әдісімен оңтайлы үйлесуі, білім алушылардың жұмылдырушылығын және олардың шығармашылық ойлауын белсенді етеді.

Лекция мәтіні/тезисі білім алушылардың дайындығын қамтамасыз ету үшін алдын ала беріледі.

Лекция оқуға қойылатын негізгі талаптар:

- берілген ақпардың жоғары ғылыми деңгейде болуы, оның дүниетанымдық маңызы;
- әдістемелік жағынан өңделген, көлемді нығыз жүйеленген жаңа ғылыми ақпар;
- айтылған пікірлердің дәлелді болуы;
- келтірілген мысалдар мен фактілердің, құжаттардың қажетті мөлшерде болуы;

- айтылған ойдың түсініктілігі, тыңдаушылардың ойлау қабілетін арттыруы, қарастырылған мәселе бойынша өз бетінше жұмыс істеуге арналған сұрақтар қою;
- қойылған мәселені шешуге айтылған әртүрлі көзқарастарды сараптау;
- негізгі ойды бөліп алу, қорытындыларды тұжырымдау;
- білім алушылармен педагогтік байланыс жасап, дидактикалық материалдар мен техникалық құралдарды пайдалана білу.
- негізгі ойды бөліп алу, қорытындыларды тұжырымдау;
- негізгі материалдар текст-конспект, блок-сызба, кесте, графиктерді пайдалану;
- оқытудың заманауи техникалық құралдарын толық мәнді пайдалану.

Университетте оқу жұмысын ұйымдастыруда лекцияның төмендегідей түрлері:
- кіріспе лекция;
- ақпаратты лекция;
- шолу лекция;
- проблемалық лекция;
- визуальдық лекция;
- бинарлық лекция;
- алдын ала қателерімен жоспарланған лекция;
- конференция лекция;- кеңес лекция;
- "Миға шабуыл" лекциясы, т.с.с. түрлері орын алуы мүмкін.

Лекцияның сапалық сипаттамасын жетілдіруге білікті оқытушылардың ашық және үлгі көрсететін лекциялары, сондай-ақ әдістемелік семинарлар қызмет етеді.

Лекцияның сапасын бақылауды кафедра ішілік бақылау жүйесі бойынша кафедра меңгерушісі, факультеттің оқу-әдістемелік жетекшісі мен мүшелері, факультет пен университеттің оқу жұмыстарын ұйымдастыруды тексеру комиссия құрамы жүзеге асырады.

Лекция бойынша әдістемелік нұсқаулықтардың құрылымдық элементтері

Әдістемелік нұсқаулықтар келесі құрылымдық элементтерден тұрады:
- сыртқы парағы;
- лекцияның оқыту нәтижелері;
- лекция мазмұны;
- оқытудың техникалық құралдары;
- лекция оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері;
- әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі;
- БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері;
- пайдаланылатын әдебиеттер тізімі.

**5.2.4 Практикалық (семинар), зертханалық, жеке сабақтар бойынша әдістемелік нұсқаулар дайындауға және орындауға қойылатын талаптар**

Пәндер бойынша практикалық (семинар) және зертханалық сабақтардың жоспарын пәнді оқытатын оқытушы лектормен бірге әзірлейді. Практикалық(семинар), зертханалық сабақтардың жоспарына сәйкес оқу жұмысын ұйымдастыру мен өткізуге қатысты бекітілген нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады *(Тіркеме9)*.

Практикалық және семинар сабақтары пәннің құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін ұйымдастырылады, пән бойынша

құзыреттердің анықталған: білімдік, іс-әрекеттік және құндылық сала құраушыларын білім алушыларда қалыптастыруы тиіс.

Практикалық сабақтарды өткізу формалары:

- алгоритмдерді өңдеу және іске асыру;
- ЭЕМ-нің бағдарламаларының мәтіндерін жазу;
- технологияны, схемаларды, кескінді нысандарды әзірлеу;
- түйіндерді, тетіктерді, жүйелерді есептеу;
- тақырыптық тапсырмаларды, есептерді шешу;
- жаттығуларды, практикалық жұмыстарды орындау;
- бейнелеу, еңбек объектілерін дайындау;
- көркем образ үлгілерін сомдау;
- оқылатын оқу пәндерінің (шетел тілі, кескіндеме және тағы басқалар) ерекшеліктеріне сәйкес басқа да педагогикалық іс-әрекет түрлері болуы мүмкін.

Семинар сабақтарын өткізудің формалары:

- оқу пәнінің ең маңызды тақырыптары бойынша білім алушылардың хабарламалары мен баяндамаларын талқылау;
- сабақ жоспарына сәйкес оқу пәнінің нақты сұрақтарын талқылау;
- білім алушылар ұсынған тапсырмаларды және сұрақтарды талқылау;
- оқу пәнінің теориялық қағидалары мен тұжырымдамаларын талдау;
- конструктивтік пікірталастар;- семинар – «дөңгелек стол»;- семинар – «ақылдасу»;- семинар – «топсеруен»;- «аз топтардың» әдісі;- «баспасөз мәслихаты» әдісі;- «түпдеректерді түсіндіру» әдісі;
- семинар - іскерлік ойын;- оқылатын оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес басқа да педагогикалық іс-әрекет түрлері болуы мүмкін.

Лабораториялық сабақтарды өткізудің формалары:

- әр түрлі тәжірибелерді жүргізу;
- алгоритмдерді әзірлеуі мен іске асыру;
- ЭЕМ бағдарламалары мәтіндерін жазу;
- құбылыстарды, жүйелерді, схемаларды, үдерістерді зерделеу мақсатымен талдау;
- қондырғыларды және техникалық құралдарды пайдаланумен үдерістерді зерттеу, ұтымды шешімдерді іздестіру т.б. педагогикалық іс-әрекеттер болуы мүмкін.

Білім алушылардың орындауы бойынша лабораториялық сабақтардың тапсырмалары:

- оқытылатын теориялық курстарға сәйкес, таныстырылатын;
- формалды әдістер негізінде жаңа ақпаратты алу үшін талданатын;
- тәжірибелік жұмыстарды өткізу нәтижесінде жаңа ақпаратты алумен байланысты шығармашылық, т.б. болып бөлінеді.

Практикалық және семинар сабақтары оқу пәнінің оқу бағдарламаларына сәйкес жоспарланады.

Практикалық және семинар сабақтары білім алушылардың академиялық тобының құрамымен ұйымдастырылады, жүргізіледі.

Практикалық және семинар сабақтары кафедра меңгеруші бекіткен әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілуі керек. Сабақтарды өткізуде әдістемелік нұсқаулардың электрондық нұсқалары да қолданылады.

Семинар сабақтарына қойылатын ұйымдастыру-әдістемеліктalаптар:

- семинар сабақтарын курстың сәйкес тақырыбы бойынша лекция оқылғаннан кейін өткізу;
- семинар сабақтары жоспарларының курс бағдарламасына сәйкестілігі;
- зерделенген тақырыптың түйінді проблемаларын қамтитын айқын сұрақтарды қалыптастыруы;
- семинарда қарастырылатын сұрақтардың шектеулі (2-3) болуы;
- сабақ жоспарына рефераттар мен баяндамаларды қамтуы;
- тақырып бойынша әдістемелік нұсқаудың болуы;

- сабақта демонстрациялайтын материалдардың (схема, плакат, диаграмма, техникалық құралдардың және т.б.) болуы.

Семинар сабақтардың сапалық сипаттамалары:

- оқытушының ғылыми-теориялық деңгейіне;
- нақты сабаққа оқытушының даярлығына;
- сабаққа білім алушының даярлығына;
- түйінді сұрақтарды терең қарастыруға;
- семинарда қарастырылатын сұрақтарды талқылауда білім алушылардың белсенді болуына, пікір-талас элементтерін талқылауды енгізуге;
- талқыланған сұрақтар бойынша оқытушының терең қорытынды шығаруы мен толықтыруына, т.б. байланысты.

Практикалық сабақтардың сипаттамалары:

- сабақ тақырыбы бойынша лекция конспектілерінің болуы мен сабаққа білім алушылардың дайындығына;
- өзіндік тапсырманы шешуде білім алушылардың іс-әрекетін оқытушының белсенді етуіне байланысты.

Практикалық және семинар сабақтары қажетті оқу және ақпараттық-анықтамалық әдебиеттермен қамтамасыз етілуі тиіс.

Практикалық, семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтардың құрылымы мен мазмұны

Әдістемелік нұсқаулықтар келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- сыртқы парағы;
- сабақтың оқыту нәтижелері;
- сабақтың мазмұны;
- техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар;
- сабақтарды өткізу тәртібі;
- әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі;
- БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері;
- қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау (қажет болғанда) ережесі;
- пайдаланылатын әдебиеттер тізімі.

Құрылымдық элементтердің мазмұны

Сыртқы (титуль) парағы

- сыртқы парағы қосымша сәйкес толтырылады.

Сабақтың оқыту нәтижелері

- сабақтың оқыту нәтижелері оқу пәні бойынша құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес құрастырылады.

Сабақтардың мазмұндары:

- оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес семинар (практикалық) сабақтардың тақырыбы;
- оқытылатын тақырыптың маңызын ашатын қысқаша теориялық мәліметтер;
- сабақтарға дайындалуы бойынша білім алушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар.

Техникалық және инструментальдық құралдар

- Бұл бөлімде техникалық (интерактивті тақта, проектор, ЭЕМ, аппаратура, видео-, дыбыс аппаратурасы, басқару аспаптары) және сабақтарды өткізу кезінде қолданылатын инструментальды (программалау тілі, трансляторлар, оқыту-бақылау бағдарламалары, операциялық жүйелер) құралдар тізбесі көрсетілуі қажет.

Сабақтарды өткізу тәртібі:

- сабақтың тақырыбы қалыптастырылады;
- сабақ тақырыбының басқа оқу пәндерімен және сабақтармен байланысы түсіндіріледі;

- білім алушылардың сабаққа дайындығы тексеріледі;

-тақырыпқа (оқу бағдарламасына) сәйкес және болжамды оқыту нәтижелерін, құзыреттерді қалыптастыруға сәйкес сабақ өткізіледі;

- сабақтың қорытындылары тұжырымдалады.

Ұпаймен көрсетілген және шектік аралықтардың айқын келтірілуімен әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар).Әрбір тапсырмалар меңгерілетін оқыту нәтижелері мен қалыптастырылатын құзыреттерге сәйкес тапсырмалар құрастырылады.

БӨЖ, ОБӨЖ түрінде ұсынылатын өзбетінше жұмыс тапсырмалары

Өзіндік жұмысты орындауға арналған тапсырма нұсқаулары келтіріледі.

Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелері.

- Бөлімде сабақтарды өткізу үдерісінде техникалық құралдарды қолдануда техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы мәліметтер келтіріледі.

Әдебиеттер

- Әдебиеттер тізімінде сабақтарға және сабақтарды өткізуге дайындалуда қолданылатын оқу ақпараттық көздер мен басқа да материалдар көрсетіледі. Көрсетілетіні: авторы, кітаптың аты, шығарылымның баспаханасы, жылы, бет саны.

Лабораториялық сабақтардың әдістемелік нұсқаулықты қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптар:

Лабораториялық жұмыстар қағаз нұсқада орындалған, әдістемелік нұсқаумен қамтамасыз етілген және кафедра меңгерушісімен бекітілген болуы қажет. Сабақты өткізу кезінде әдістемелік нұсқау қағаз нұсқада, сонымен қатар электрондық нұсқада пайдаланылуы мүмкін.

Әдістемелік нұсқау төмендегідей құрылымдық элементтерден тұрады:

- сыртқы парақ;
- жұмыстың мақсаты мен міндеттері;
- жұмыстың мазмұны;
- қондырғылар, техникалық және инструментальдық құралдар;
- жұмысты орындау тәртібі (реттілігі);
- аталған жұмыс бойынша қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау (қажеттілікке байланысты) ережесі;
- тапсырмалар;
